

Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 29 наурыз N 242. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.05.20. N 851 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополиялық қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитетін Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті етіп қайта құру туралы" 1993 жылғы 11 қаңтардағы N 1063 U931063_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті монополиялық қызметті шектеу, бәсекені дамыту, экономиканы монополиясыздандыру және әділетсіз бәсекені тыю жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізетін орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады деп белгіленсін. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне тікелей басшылықты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы осыған қоса берілген Ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің жүйесіне монополияға қарсы саясат жөніндегі облыстық, Алматы және Ленинск қалалық аумақтық комитеттері кіреді деп белгіленсін. Монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттер Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен қосылып біртұтас құрылым құрайды, өз қызметін Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетті жүктеген өкілеттік шеңберінде және жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен өзара іс-қимыл жасай отырып ұйымдастырады.

Облыс әкімдеріне монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттердің төрағаларын жергілікті атқарушы органдардың алқа құрамына е н г і з у ұ с ы н ы л с ы н .

Монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттердің басшыларын қызметке Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі

мемлекеттік комитетінің Төрағасы тағайындайды.

4. Экономикалық реформа барысында экономиканы монополиясыздандыру және монополиялық қызметті шектеу жөнінде келісілген мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне ол туралы Ережеге сәйкес және оған жүктелген функциялар шегінде министрліктер, ведомстволар, жергілікті атқарушы органдардың басшылары, шаруашылық жүргізуші субъектілер, олардың бірлестіктері, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке адамдар үшін орындауға міндетті шешімдер қабылдау құқығы берілсін.

Республикалық және аймақтық нарықтарды дамыту, экономиканы монополиясыздандыру мәселелері жөніндегі, сондай-ақ қаржы мен тауар нарықтарында үстем жағдайға ие болған шаруашылық жүргізуші субъектілерді және олардың бірлестіктерін құру мен қайта құру, акцияларының бақылау пакеттерін, үлестері мен жарналарын сатып алу-сату немесе басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің акцияларының бақылау пакеттерін, үлестері мен жарналарын олардың сатып алу туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулыларының, министрліктер, ведомстволар және басқа мемлекеттік басқару органдары, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың шешімдерінің жобалары міндетті түрде алдын ала қорытынды беру үшін Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне немесе оның монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттеріне табыс етіледі деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне өз құзыры шеңберінде министрліктердің, ведомстволардың және басқа мемлекеттік басқару органдарының, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың монополияға қарсы заңдарға қайшы келетін нормативті актілердің күшін тоқтата тұру құқығы берілсін.

5. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппараты қызметкерлерінің саны (үйлерді күту және оларға күтім жасау жөніндегі қызметкерлерден басқа) 80 адам болып белгіленсін.

6. Монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттер қызметкерлерінің саны 200 адам болып белгіленсін (ғимаратты күзететін, қамтитын адамдарсыз).

7. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппаратын, монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттерді ұстауға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінде көзделіп мемлекеттік басқару органдарын ұстауға арналған қаражат есебінен

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

8. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне Төрағаның үш орынбасары, оның ішінде біреу бірінші және 11 адам құрамында алқасы болуға рұқсат етілсін.

9. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі орталық аппаратына қызмет бабындағы 6 жеңіл автомобильге, монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттерге - бір жеңіл автомобильге лимит белгіленсін.

10. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің Төрағасы материалдық-техникалық, көлік және медициналық қызмет көрсету шарттары бойынша Қазақстан Республикасының Министріне, Төрағаның орынбасарларына, орталық аппараттың қызметкерлері Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің қызметкерлеріне т е ң е с т і р і л с і н .

Монополияға қарсы саясат жөніндегі облыстық, Алматы және Ленинск қалалық аумақтық комитеттерінің бастықтарына санаторий-курорт қызметін көрсету тиісті облыстық және қалалық басқару органдарының басшыларына белгіленген шарттарға қарайлас жүзеге асырылсын.

11. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының республикалық бюджетін қалыптастырған кезде Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне қажетті мүкәммал, жабдықтар, ұйымдық техника, автомашина сатып алу, қызметтік үй-жайларды күрделі жөндеу, үйлер мен әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілер салу үшін қаражат бөлінуін көздейтін болсын.

12. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның облыстық басқармалары;

Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі республикалық комитетімен келісілген нышандар бойынша республикалық, аймақтық қаржы және тауар нарықтарында үстем жағдайға ие болған кәсіпорындарды анықтау мақсатымен республикалық бюджеттің қаржылары есебінен жыл сайын статистикалық тексеру жүргізсін;

Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуі бойынша бір айлық мерзімде Монополист бірлестіктер мен кәсіпорындардың мемлекеттік тізіліміне енгізілген шаруашылық жүргізуші субъектілерге арналған статистикалық есеп берудің арнаулы нысанын әзірлеп, күшіне енгізсін.

1 3 .

Ескерту. 13-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.06.12.

№ 813 қаулысымен.

14. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі,

Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті республикалық басқару органдарының өзара ақпараттық қамтамасыз етуінің ортақ тәртібі енгізілгенге дейін қызмет бабында пайдалану үшін олар шығаратын нұсқауларды, нұсқамалар мен жалпы қолданудағы нормативті және әдістемелік сипаты бар басқа да актілерді Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне жіберетін болсын.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісіне осыған орайлас құжаттарды аталған Комитетке жіберіп тұру ұсынылсын.

15. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі өтінімдер мен қажетті есептер ұсынылғаннан соң Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетін телефон, телекс және факсимильді байланыспен қамтамасыз етсін.

16. Облыстың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері: үш айлық мерзімде монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық

комитеттерге бір қызметкерге шаққанда кемінде 10 шаршы метр есебінен қызметтік үй-жайлар бөлсін;

монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттердің материалдық-техникалық база жасау мен нығайтуына көмек көрсетсін;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті мен монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттердің қызметкерлеріне тұрғын алаң бөлінуін, олардың пәтерлерінде телефон орнатылуын, мектепке дейінгі мекемелерде орын берілуін қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 29 наурыздағы

N 242 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы
саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы

Е Р Е Ж Е

1. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, бұдан былай "Комитет" деп аталады, өз қызметін экономиканы монополиясыздандыру саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыру, бәсекелік күрес ережелерін және шаруашылық құрылымдарын кооперациялау мен ұйымдық біріктіру процестерін бақылауды қатайту мақсатында жүзеге асыратын орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады. Комитетке Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тікелей б а с ш ы л ы қ е т е д і .

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар:

- экономиканың әртүрлі салаларында монополиясыздандыру саясатын жүргізу, бәсекені дамыту және қатарлас әрі баламалы құрылымдардың пайда б о л у ы н а ж а ғ д а й ж а с а у ;

- монополиялық қызметтің және әділетсіз бәсекенің алдын алу, шектеу және т ы й ы м с а л у ;

- монополияға қарсы заңдардың сақталуына мемлекеттік бақылау жасау.

4. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

- республикалық және аймақтық қаржы мен тауар нарығына, өнім өндіру мен өткізуге талдау жасау негізінде монополиясыздандырудың мемлекеттік саясатының, әр салалардағы бәсекені дамытудың бағыттарын, Қазақстан Республикасында монополиялық қызметті шектеу мен болдырмау тәртібін анықтайды. Тиісті бағдарламаларды әзірлеп, үйлестіреді және олардың орындалу б а р ы с ы н а б а қ ы л а у ж а с а й д ы ;

- монополист кәсіпорындар мен бірлестіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізеді. Монополист кәсіпорындардың қызметін мемлекеттік реттеу мен бақылаудың арнаулы шараларын әзірлеп, оларды күшіне енгізеді. Меншік нысандарына қарамастан мемлекеттік тізілімге енгізілген шаруашылық жүргізуші субъектілерді өндірісті монополиясыздандыру және көп салалы етіп дамыту бағдарламаларын әзірлеуге міндеттейді. Ол бағдарламаларды келіседі, о р ы н д а л у б а р ы с ы н б а қ ы л а й д ы ;

- монополияға қарсы заңдардың сақталуын бақылайды, оларды бұзу фактілерін анықтап, қарастырады, бұлар жөнінде өз құзыры шеңберінде шешімдер қабылдайды, заңдарды қолдану практикасын жинақтайды, оларды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеп, тиісті мемлекеттік өкімет пен басқару

органдарына жібереді. Комитеттің құзырына жататын мәселелер бойынша заңдық және нормативті актілердің жобасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізеді;

- алдын ала қорытынды беру жолымен одақтар, қауымдастықтар, концерндер, корпорациялар, холдинг компаниялары, кәсіпорындардың салалық, салааралық, аймақтық және басқа бірлестіктері нысанындағы ұйымдық-басқарушылық, қаржы-басқарушылық құралымдарын құру мен қайта құруға, мемлекеттік басқару органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілерді аталған бірлестіктерге айналдыруға, сондай-ақ нарықта үстем жағдайға ие болған шаруашылық серіктестіктер, одақтар және басқа шаруашылық жүргізуші объектілерді құру мен қайта құруға, олардың акцияларының бақылау пакетін, үлестерін және жарналарын сатып алу мен сатуға, сондай-ақ басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің, оның ішінде жекешелендіру процесінде республикалық, коммуналдық меншік кәсіпорындардың акционерлік кәсіпорын етіп қайта құру кезінде акцияларының бақылау пакетін, үлестері мен жарналарын олардың сатып алуына мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асырады;

- монополиясыздандыру және бәсекені дамыту жөніндегі шаралар мен бағдарламалардың әзірленуін үйлестіреді және оларды министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуші монополист субъектілердің жүзеге асыруын бақылайды;

- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, министрліктер мен ведомстволардың, жергілікті атқарушы органдардың экономиканы басқару құрылымдарын қайта құру, республикалық және аймақтық қаржы мен тауар нарығын дамыту мәселелері жөніндегі шешімдерінің жобасына міндетті түрде қ о р ы т ы н д ы б е р е д і ;

- ірі мемлекеттік объектілерді акционерлендіру және жекешелендіру бағдарламасының жобаларын әзірлеуге қатысады және олардың жүзеге асырылуын келіседі. Мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысады;

- тауар нарығында үстем жағдайға ие болған мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру жоспарының жобаларын міндетті түрде келіседі;

- мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің республикалық және облыстық бағдарламаларының жобаларына қорытынды береді. Өз өкілдерін мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру жөніндегі комиссиялардың, конкурстар мен аукциондар өткізу жөніндегі комиссиялардың құрамына жібереді ;

- жұмыста жариялылықты қамтамасыз етеді, монополиясыздандыру жөніндегі шараларды жүзеге асырудың барысы туралы, бәсекені дамыту және Комитет қызметінің басқа да мәселелері жөнінде республиканың халқын

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, оның ішінде мамандандырылған мерзімді басылымдар арқылы ұдайы хабардар етіп отырады, кәсіпкерлердің одақтарымен, қауымдастықтарымен және басқа ұйымдарымен, қоғамдық ұйымдармен және қозғалыстармен байланысты қамтамасыз етеді;

- Комитеттің құзырына жататын мәселелер бойынша әдістемелік және ақпараттық-талдаулық құжаттарды әзірлейді, олардың нақты жүзеге асырылуына шаралар қолданады;

- Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне заңдар мен өзге де нормативті актілердің жобалары бойынша қорытынды, монополиялық қызметті шектеу, қаржы мен тауар нарығын, бәсеке мен монополиясыздандыруды мәселелеріне қатысты талдау материалдары мен ұсыныстарды табыс етеді.

Ескерту. 4-ші тармақтың 5-ші абзацына өзгерту енгізілді - ҚРМК-нің 1995.10.12. N 1320 қаулысымен. P951320_

5. Комитет өз функцияларын қолданылып жүрген заңдардың шегінде орындауы үшін:

- министрліктерге, ведомстволарға, жергілікті атқарушы органдарға, басқа да мемлекеттік басқару органдарына, мекемелерге, банктерге, меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындар мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілерге келуіне, олардың лауазымды адамдарынан және Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын азаматтарынан, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардан монополияға қарсы заңдардың бұзылуына жол берілуі жөнінде, егер мұның өзі Комитетке жүктелген функциялардың орындалуы үшін қажет болса, керекті ақпарат, мәлімет құжаттардың көшірмесін, сондай-ақ ауызша және жазбаша түсініктемелер алуға;

- шаруашылық жүргізуші субъектілерді Монополист бірлестіктер мен кәсіпорындардың мемлекеттік тізіліміне енгізу туралы және оларды аталған тізілімнен шығару туралы шешім қабылдауға, сондай-ақ оларды қайта құрудың қосымша ережелерін және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің үлестерін, жарналарын, акцияларын сатып алуының, өзге ұйымдық-басқарушылық және қаржы-басқарушылық құралымдардың құрамына кіруінің тәртібін белгілеуге, сондай-ақ өкімет пен басқару органдарымен бірлесіп монополист кәсіпорындардың қызметін мемлекеттік реттеу мен бақылау жасаудың арнаулы әдістері мен шараларын әзірлеуге;

- ұйымдық-басқарушылық (оның ішінде қаржы-басқарушылық) құрылымдар құруды, егер оларды құру бәсекені елеулі түрде шектеуге әкеліп соқтырса немесе соқтыруы мүмкін болса, тіркеуге келісім беруден бас тарту нысанында тыйым салуға;

- белгілі бір тауар нарығында үстем жағдайға ие болған шаруашылық жүргізуші субъектілердің немесе басқарушылық құралымдардың сол тауар

нарығында жұмыс істейтін басқа шаруашылық жүргізуші субъектінің акцияларын, жарналарын, жарғылық капиталға қатысқан үлесін сатып алуына, сондай-ақ үстем жағдайға ие болған шаруашылық жүргізуші субъектінің, басқарушылық құралымның акцияларының бақылау пакетін, жарналарын, қатысу үлестерін, егер мұның өзі бәсекені елеулі түрде шектеуге әкеліп соқтырса немесе соқтыруы ықтимал болса, кез келген заңды ұйымдардың немесе жеке адамдардың сатып алуына тыйым салуға;

- өз құзыры шеңберінде мемлекеттік басқару органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілерге монополияға қарсы заңдарды бұзушылықты тоқтату туралы, сондай-ақ нарықта үстем жағдайға ие болған және бұл жағдаймен қиянат жасайтын шаруашылық жүргізуші субъектілерді ықтиярсыз бөлу туралы қарастыру үшін міндетті мағлұмхаттар және орындауға міндетті нұсқаулар беруге;

- Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Ережеде көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша лауазымды адамдар мен азаматтарға монополияға қарсы заңдарды бұзғаны үшін өз құзыры шегінде айыппұл салуға;

- Комитеттің құзырына жататын мәселелер жөнінде ресми түсіндірмелер беруге;

- қажет болған жағдайда Комитеттің қаржысы есебінен төлей отырып, тексеру жүргізу мен сараптау жасауға басқа мекемелер мен ұйымдардан білікті мамандарды, сондай-ақ өзге бақылаушы және құқық қорғаушы органдардың қызметкерлерін қатыстыруға;

- республикалық бюджеттен осы мақсаттар үшін бөлінген қаржы есебінен монополияға қарсы саясатты жүргізу, қаржы және тауар нарығын дамыту мәселелері бойынша шарттар жасасуға және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауды ұйымдастыруға;

- Комитеттің қызметіне байланысты міндеттер мен функцияларды орындау үшін белгіленген тәртіп бойынша ғылыми-зерттеу, ақпарат және талдау мекемелерін, мамандандырылған қорлар құруға;

- Комитеттің құзырына жататын мәселелер бойынша шет елдердің мемлекеттік органдарымен және үкіметтік емес ұйымдарымен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен ынтымақтасуды жүзеге асыруға;

- монополияға қарсы саясатты жүргізу мәселелері бойынша халықаралық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысуға құқығы бар.

6. Комитетті лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті құрамына кіретін және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономикалық өзгерістер кеңесінің мүшесі болып табылатын Төраға басқарады.

7. Комитеттің төрағасын қызметке Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және қызметтен босатады.

Комитет Төрағасының орынбасарларын қызметке Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы .

8. Комитеттің Төрағасы оған басшылықты жүзеге асырады және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді.

Төрағаның орынбасарлары арасында міндеттер бөлінісін, Комитеттің орталық аппаратының және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттердің құрылымы мен штат кестесін қызметкерлердің белгіленген саны мен еңбекке ақы төлеу қоры шегінде бекітуді, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді бекітуді және олардың басшыларының міндеттерін бөлісуді Комитеттің төрағасы ж ү р г і з е д і .

9. Комитеттің төрағасы оның қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер мен нұсқаулар шығарады, тапсырмалар береді.

10. Комитет қызметінің неғұрлым маңызды мәселелерін талқылау үшін Комитет төрағасының (алқаның төрағасы) және лауазым бойынша Комитет төрағасының орынбасарларының, Комитет басқармаларының (бөлімдерінің) басшылары құрамындағы 11 адамнан алқа құрылады.

Комитет алқасы мүшелерінің жеке құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді. Алқаның шешімдері қаулы нысанында шығарылады және Комитеттің Төрағасы қол қояды.

11. Комитеттің жүйесіне монополияға қарсы саясат жөніндегі облыстық, Алматы және Ленинск қалалық аумақтық комитеттері кіреді. Аумақтық комитеттер Комитетпен қосылып біртұтас құрылым құрайды, Комитетке жүктелген барлық функцияларды орындайды және тек оған есеп береді, өз жұмысын жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен өзара іс-қимыл ж а с а й отырып ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

Монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттердің басшыларын Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің Төрағасы қызметке тағайындайды.

12. Комитеттің функцияларын жүзеге асыру үшін оның жанынан сарапшылар кеңестері құрылып, жұмыс істейді.

Сарапшылар кеңестерінің жұмысын ұйымдық қамтамасыз етуді Комитеттің а п п а р а т ы жүзеге а с ы р а д ы .

Сарапшылар кеңестерінің құрамы ғалымдар мен мамандардан, Комитеттің, Қазақстан Республикасының басқа да министрліктері мен ведомстволарының қызметкерлерінен қалыптастырылады.

13. Комитеттің орталық аппараты мен монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттер мемлекеттік басқару органдарын ұстауға арналып Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінде көзделген қаражат

есебінен қаржыландырылады.

14. Комитет заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК